

«Келісемін»

Директордың тәрбие ісі жөніндегі
орынбасары *Б.М.* А.Баймуратова
«29» тамыз 2023 жыл

«Бекітемін»

№4 Мәртөк жалпы орта білім
беретін мектебінің директоры
А.А. Абдуллина
«29» тамыз 2023 жыл



**Біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша
2023-2024 оқу жылына арналған 11 «А» класының
ТӘРБИЕ ЖОСПАРЫ**

Мәртөк-2023ж.

КЕШЕНДІ ЖОСПАРДЫҢ НУСҚАУЛЫҒЫ

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы.

Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі.

Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін:

- ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін;

- халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін;

- әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

Күтілетін нәтиже:

- «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді,
- қызмет студі, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал
- және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті
- мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану
- қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды,

Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

Ұлттық мүдде құндылығы:

- Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;
- Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;

- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
- Қазақ тілінің қолдануаясын кеңейту;
- Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;
- Қоғам игілігі үшін қызмет ету;
- Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;
- Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Күтілетін нәтижесі:

- Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл;
- Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді;
- Елінің тарихын құрметтейді;
- Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді;
- Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары.

Ар-ұят құндылығы:

- Академиялық адалдық қағидатын қолдау;
- Адал еңбекті құрметтеу;
- Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- Халқына адал қызмет ету
- Әдеп нормаларын ұстану;
- Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;
- Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның.

Отанның бірімшесі екенін сезіну. Күтілетін нәтижесі:

-
-
-
-
-

Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;
 Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
 Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;
 Достарын, сыныптастарын сыйлайды;
 Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

Талап құндылығы:

- Сыни және креативті ойлау;
- Жеке және командамен жұмыс істей білу;
- Білуге, жаңаны тануға құштар болу;
- Физикалық белсенді болу;
- Салауатты өмір салтын ұстану;
- Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету;
- Дұрыс қарым-қатынас орната білу;
- Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

Күтілетін нәтижесі:

- Жан мен тән тазалығын сақтайды;

- Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;
- Қоршаған орта тазалығын сақтайды.
- Ақпараттық, медиажәнеқаржылық сауаттылық;
- Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

Тәрбиеніңкешендіжоспарын іскеасырудабалалардыңжасерекшеліктерінескерудеберілетінұсынымдар:

Жасөспірімніңтәрбиесі(11-15жас)Ұсынылады:

- тәрбие шаралары мен жобаларының мазмұнын, форматын, көркемдік стилін, ұсынылу тәртібін анықтауда жасөспірімдіккезіндегібалалардың психологиялықерекшелігін, қызығушылығын назарға алып, цифрлық технологиялардың жетістіктерінескеру;
- жас ерекшеліктеріне сай келетін классикалық көркем шығармалар мен көркем әдебиеттерді ұсыну; оқылған шығарма кейіпкерлерінің бойындағы адам қасиеттері мен жағымсыз әдеттерін талқылауға бағытталған кейсік жағдаяттарды шешуді ұсыну;
- еліміздегі тарихи орындарға, ескерткіштерге экскурсия жасау, ел мен жер тарихы туралы деректер ментанысу, театрға, музейлерге, мұрағаттарға, ұлттық парктер мен қорықтарға бару, виртуалды саяхаттар жасау немесе/және цифрлық технологиялардың жетістіктерін қолданып таныстыру;
- ақын-жыраулар және ұлт зиялыларының, батырлардың, тарихи тұлғалар мен қоғам қайраткерлерінің өмір жолдары мен, олардан мирас болып жеткен мұралармен таныстыру;
- тарихи, деректі фильмдерді талдау;
- білім алушылардың мәдени және ұлттық мұраны насихаттау бойынша бастамаларына қолдау көрсету;
- табиғатты қорғау, адамның әрекеттерінен туындайтын апаттардың алдын алу бойынша жобалар әзірлеу;
- жобаларды жүзеге асыруға отбасына леу меттік көріп тестіккетарту;
- «Гаджетсіз демалыс» күндерін ұйымдастыру, кітап оқу, спортпен шұғылдану, табиғат аясында серуендеу т.б. шаралар ұйымдастыру ұсынылады.

Білім беру ұйымдары мен педагогтың міндеті:

- балаларды заңға, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-анасына, үлкендерге, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету, жоғары мандылық, патриоттық, қоршаған ортаға ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге;
- білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және саламатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға.

Білім беру ұйымы (мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру) басшысының (менгерушінің, директорының) тәрбие жұмысы жөніндегі (әдіскері) орын басары міндетті:

- тәрбие процесін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;
- тәрбие жұмысына бағамдағы және перспективалық жоспарлауды ұйымдастырады;
- тәрбие процесінің мазмұны мен өткізілу сапасына жауапты бақылауды жүзеге асырады;

- тәрбие процесін қамтамасыз ететін білім беру ұйымдары әкімшілігінің, әлеуметтік-психологиялық қызметтерімен бөлімшелерінің жұртшылық және құқық қорғау органдарының өкілдерімен, ата-аналар қоғамдастығының, қамқоршылық кеңестің өкілдерімен өзара іс-қимылын үйлестіреді.

Сынып жетекші және куратордың міндеттері:

- салауатты өмір салтына нығандандыру;
- сыныпта достық ортаны, өз ара түсіністікті құру;
- білімалушылардың басқаларға деген жауапкершілігін, ұжымда жұмыс істей білуге баулу;

**ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ
ЖОСПАРЫ
ҚЫРКҮЙЕК –БІЛІМ АЙЫ**

№	Тәрбие құндылықтары бойынша іс- шара тақырыптары	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1	А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған: «Ұлттық мұраны, қазақ тілін ұлықтау» (Тіл апталығы)	Сынып сағаты, (кездесулер , пікір алмасу, диалогтық алаң	Сынып жетекшісі	08.09.23ж.
2	Мектептегі оқушының міндеті мен ережесі	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	15.09.23ж.
3	«Жолда жүру ережелерін білесің бе?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	22.09.23ж.
4	Ұстаз –ұлы тұлға	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	29.09.23ж.

ҚАЗАН–АЛАШ АЗАМАТТАРЫН ҰЛЫҚТАУ АЙЫ

№	Тәрбие құндылықтары бойынша іс- шара тақырыптары	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
5	<i>Қарттарым-асыл қазынам!</i>	Сынып сағаты, ата-ана сағаты	Сынып жетекшісі	06.10.23ж.

6	«Қазақстанның болашағы білімді ұрпақ қолында» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	13.10.23ж
7	Республикам менің (Қазақстан еліне саяхат)	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	20.10.23ж
8	Елдің мықты тірегі- дені сау ұрпақ	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	27.10,23ж

ҚАРАША–ПОЭЗИЯ АЙЫ

№	Тәрбие құндылықтары бойынша іс- шара тақырыптары	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
9	«Имандылық тәрбие негізі » («Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы)	Сынып сағаты Эссе жазу	Сынып жетекшісі	10.11
10	Терроризм және діни экстремизмге қарсы іс қимыл: «Діннен адастырар теріс ағым»	Сынып сағаты бейнероликтерді талқылау, пікір алмасу	Сынып жетекшісі	17.11
11	Ұлттық теңге – тәуелсіз Қазақстанның айшығы	Сынып сағаты, акция	Сынып жетекшісі	24.11

ЖЕЛТОҚСАН–«ҚАЗАҚСТАН-ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ»

№	Тәрбие құндылықтары бойынша іс- шара тақырыптары	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
12	Ең сұмдық, ең азапты ЖҚТБ	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	01.12
13	Жеткіншектің Жеті жарғысы жобасы аясында: «Ұлттық рух –тәуелсіздік тірегі»	Патриоттық сынып сағаты	Сынып жетекшісі	08.12
14	Еңбегі адал жас өрен жобасы аясында: Таным. Тағылым. Тәрбие»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	15.12
15	Жаңа жыл-жаңа қадам жаңа бағыт	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	22.12

ҚАҢТАР–«ҰЛТТЫҚ КОД» айы

№	Тәрбие құндылықтары бойынша іс-шара тақырыптары	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
16	Біздің қоғамдағы азаматтық жауапкершілік	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	08.01
17	Оқуға құштар мектеп жобасы аясында: «Парасаттылық туралы»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	15.01
18	«Мінез-құлық ережелері»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	22.01
19	«Отбасылық таланттар» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	29.01

АҚПАН-ОҚУҒА ҚҰШТАРЛЫҚ АЙЫ

№	Тәрбие құндылықтары бойынша іс-шара тақырыптары	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
20	Балалар кітапханасы жобасы аясында: Мақал – сөздің азығы, жұмбақ – ойдың қазығы	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	05.02
21	Жеткіншектің Жеті жарғысы жобасы аясында: «Сен және Заң»	Сыныпсағаты	Сынып жетекшісі	12.02
22	Ата-аналар мектебі жобасы аясында: «Отбасындағы ортақ тіл»	Сынып сағаты, ата-ана сағаты	Сынып жетекшісі	19.02
23	«Қазақ даласының ұлы тұлғалары»	Сынып сағаты, ата-ана сағаты	Сынып жетекшісі	26.02

НАУРЫЗ-ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮРДІ ДӘРІШТЕУ АЙЫ

№	Тәрбие құндылықтары бойынша іс-шара тақырыптары	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
24	«Мың алғыс, ...» «Алғыс айту парызың» (Ұшқыр ой алаңы жобасы)	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	04.03

25	Ата-аналар мектебі жобасы аясында: «Бәрі де, Ана, бір өзіңнен басталды»	Сыныпсағаты	Сынып жетекшісі	11.03
26	Жеткіншектің Жеті Жарғысы жобасы аясында: «Наурыз жыл басы»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	18.03

СӘУІР-ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ АЙЫ

№	Тәрбие құндылықтары бойынша іс- шара тақырыптары	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
27	«Экология тазалығы-денсаулық кепілі»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	01.04
28	«Табиғат тамашалары» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	08.04
29	«Қоқысты қайта өңдеу процесі» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	15.04
30	«Достық – көмекпен мықты» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	22.04
31	Табиғат тағдыры-адам тағдыры	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	29.04

МАМЫР-БЕЙБІТШЛІК ПЕНТАТУЛЫҚ АЙЫ

№	Тәрбие құндылықтары бойынша іс- шара тақырыптары	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
32	«Жеңіс деген шат күлкісі баланың» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	06.05
33	« Адам өмірінің қауіпсіздігі»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	13.05
34	«Сыңғырла, соңғы қоңырау» сынып сағаттары	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	20.05